Ақтөбе қаласы білім бөлімі

№32 «Қуаныш» балабақшасы

«Бекітілді»

№32 «Қуаныш» балабақшасының

№1 педагогикалық кеңес шешімі

01 қыркүйек ,2025 ж

№32 «Қуаныш » балабақшасының 2025-2030 жылдарға арналған даму жоспары .

2025 жыл.

Сканировано с CamScanner

№32 «Қуаныш» балабақшасының 2025–2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

Бағдарламаның атауы	Ақтөбе қаласы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын №32 «Қуаныш» балабақшасының 2024–2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары
Даму бағдарламасын жауапты орындаушы	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын №32 «Қуаныш» балабақшасының әкімшілігі,әдіскер, педагогикалық ұжым. қызметкерлер
Даму бағдарламасын құрастырушы	Меңгеруші,шығармашылық топ
Бағдарламаны құруда негізге алынған нормативтік-құқықтық құжаттар	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормалары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттар тізбесі Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары Педагогтік қайта даярлау қағидалары Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі «Қазақстан балалары» 2026–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
Өзектілігі	
Бағдарлама мақсаты	Баланың тұлғалық дамуына, зерттеушілік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін ашуға бағытталған заманауи мектепке дейінгі білім беру ортасын қалыптастыру.Басқару және педагогика тұрғысынан балабақшаның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, балалардың ерте жастан **сыни ойлау, инженерлік дағдылар** мен **креативтілігін** дамытуға бағытталған.
міндеттері	Инфрақұрылымды дамыту: Балабақша ішінен «Кванториум» орталығын немесе арнайы зертхана (робототехника, лего-

Сканировано с CamScanner

	конструктор, құм және сумен тәжірибе жасау аймақтары) құру. Кадрлық әлеуетті арттыру: Тәрбиешілерді STEM-технологиялар мен «Кванториум» әдістемесі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткізу. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету: Жас ерекшеліктеріне сай тәжірибелік-зерттеу және жобалау әрекеттерінің авторлық немесе бейімделген бағдарламаларын әзірлеу. Ата-аналармен серіктестік: Ата-аналарды бірлескен жобаларға, ғылыми-тәжірибелік фестивальдарға тарту.
Миссиясы	Миссиямыз: Әр баланың бойындағы шығармашылық пен логикалық әлеуетті ғылыми ізденіс, заманауи технологиялар мен қызықты тәжірибелер арқылы ашу, оларды еркін ойлайтын, тапқыр және ізденімпаз етіп тәрбиелеу.
Принциптері	Тәжірибе арқылы үйрену» принципі: Балада теориялық білім емес, заттарды ұстап көру, араластыру, құрастыру және тәжірибе жасау арқылы практикалық дағды қалыптасады. Интеграция принципі: Оқытудың жеке емес, кешенді болуы. Бір іс-әрекетте жаратылыстану , технология (Technology), инженерия (Engineering), өнер (Art) және математика (Math) элементтері қатар қолданылады. Балаға бағытталу принципі: Оқу процесі тәрбиешінің нұсқауымен емес, баланың қызығушылығы, сұрақтары мен таңдауы негізінде құрылады. □ Көрнекілік және қолжетімділік принципі: Кванториум зертханасындағы барлық құралдар мен материалдардың баланың жас ерекшелігіне сай және оларға еркін қолжетімді (қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып) болуы
Жүзеге асыру мерзімдері	1-кезең (2 жыл) (Қыркүйек 2025 – Тамыз 2026)Дайындық және ұйымдастыру кезеңі• Балабақшаның материалдық-техникалық базасына талдау жасау. • «Кванториум» зертханасының жобасын дайындау және құрал-жабдықтар (Лего, микроскоптар, дамытушы ойыншықтар) сатып алу. • Тәрбиешілерді әдістеме бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткізу. • Жас ерекшеліктеріне сай авторлық немесе бейімделген жоспар дайындау. 2-кезең (2 жыл) *(2026– 2028жж)*Практикалық (Енгізу) кезеңі • «Кванториум» бағыттарын тәрбие-оқыту процесіне толық енгізу. • Балалардың зерттеу, жобалау және логикалық тапсырмалармен күнделікті айналысуын ұйымдастыру. • Ата-аналармен бірлескен «Отбасылық жобалар» мен ғылыми фестивальдар өткізу. • Балабақша ішінде «Жас өнертапқыш» байқауларын ұйымдастыру. 3-кезең (1 жыл) *(2029-2030 жж)*Қорытынды және сараптама кезеңі • Балалардың шығармашылық және логикалық қабілеттерінің

Сканировано с CamScanner

	даму деңгейіне мониторинг пен диагностика жүргізу. • Педагогтардың іс-тәжірибесін қалалық, республикалық деңгейде тарату (семинарлар, конференциялар). • Стратегиялық жоспардың жетістіктерін сараптап, келесі даму кезеңіне болжам жасау.
Қаржыландыру көздері	Балабақшаның қаржысы , Қосымша ақылы қызмет көрсету көздері
Бағдарламаның орындалуына басшылық	Даму бағдарламасының орындалуына бақылау және түзету жұмыстары Қамқоршылық кеңес, Педагогикалық кеңес отырысында
Даму бағдарламасының орындалуына бақылау	Әр оқу жылының қортындысы бойынша педкеңес отырысында
	Кіріспе
	Қазіргі жаһандану мен цифрландыру дәуірінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі түбегейлі жаңару сатысында тұр. Заманауи қоғам балабақшадан тек дайын білімді меңгерген баланы емес, сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашылық шешімдер қабылдауға қабілетті, ізденімпаз және логикасы дамыған тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының талаптарын орындау және балалардың бойында XXI ғасырдың негізгі дағдыларын қалыптастыру мақсатында осы Стратегиялық даму жоспары әзірленді. Балабақшаның даму стратегиясының өзектілігі — тәрбие-оқыту процесіне «Кванториум» әдістемесін және элементтерін жүйелі түрде енгізумен айқындалады. Мектепке дейінгі жаста баланың танымдық белсенділігі өте жоғары болады. Осы кезеңде баланы жай ғана бақылаушы емес, белсенді зерттеушіге айналдыру — оның болашақ зияткерлік әлеуетінің негізін қалайды. Осы жоспар аясында енгізілетін «Кванториум» моделі балалардың жас ерекшеліктеріне сай бірнеше бағытты (модульдерді) қамтиды. Балалар тәжірибелік-эксперименттік әрекеттер, робототехника, лего-конструирлеу және математикалық модельдеу арқылы қоршаған ортаның заңдылықтарын өздігінен ашып, логикалық және кеңістіктік ойлауын дамытады. Сонымен қатар, бұл әдіс ғылыми ізденісті өнермен ұштастыра отырып, баланың шығармашылық еркіндігі мен креативтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Жоспардың мақсаты: Балабақшада заманауи «Кванториум» инновациялық білім беру ортасын құру арқылы, STEM элементтері мен тәжірибелік-зерттеу әрекеттері негізінде балалардың шығармашылық және логикалық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Осы стратегиялық құжат балабақшаның материалдық-техникалық базасын жаңартуды, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруды және ата-аналармен тиімді серіктестік орнатуды көздейтін 5 жылдық (2025–2030жылдар)

Сканировано с CamScanner

	кезеңді қамтиды. Жоспардың іске асырылуы балабақшаның білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеріп, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі болмақ.
Мекеменің атауы:	**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы туралы анықтама.** Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын №32 «Қуаныш » балабақшасы
Мекен – жайы	Ақтөбе қаласы , Оңтүстік – батыс тұрғын кешені. И.Тайманов көшесі 20 үй
Сайт	
Салынған жылы	2012 жыл
Жоба қуаттылығы	150 бала
Штаттық кесте бойынша қызметкерлер саны	34 қызметкер Оның ішінде : 16 педагог
Соңғы мемлекеттік аттестаттаудан өткен жылы	2016 жылы
Ақпараттық анықтама	№32 «Қуаныш» балабақшасында 6 топ қазақ тілінде оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді. Балабақшада 150 бала тәрбиеленеді. Балабақша ғимаратында 6 топ бөлмесі, медицина бөлмесі,асхана, кір жуу бөлмесі,психолог кабинеті, музыка залы орналасқан.Балабақшада интерактивті тақта, интернет желісіне қосылған теледидар,компьютерлер және балалар қауіпсіздігі үшін арнайы күзет қызметі. Дабыл түймесі, өрт қауіпсіздігінің барлық жағдайларымен қамтамасыз етілген. Оқу – тәрбие процесін жүргізетін педагогтар саны 16 педагог. Оның ішінде.: жоғары білімді-10 педагог , яғни 65 % , арнаулы орта білімді-6,-35 % Санаты бойынша : 16 педагог – 1педагог –зерттеуші- 6,3%,7 педагог эксперт-44%, 7-педагог модератор-44% , меңгеруші – басшы менеджер -5,7%
Инновациялық жұмыс	Соңғы 4 жыл 1.**Эксперимент** «Кванториум – мектеп жасына дейінгі балаларға арналған инновациялық білім беру алаңы» 2.**Шығармашылық зертхана** «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беру арқылы еңбекке тәрбиелеу»
Басшысы	Лекерова Рима Амангалиевна- білімі жоғары, мамандығы – педагог-психолог, басшы менеджер , еңбек өтілі -40 жыл

Сканировано с CamScanner

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1 Педагогикалық шеберлікті арттыру	инновациялық технологиялар бойынша курстардан білім көтеру, семинарлар өткізу	2025–2030	Әдіскер, меңгеруші	Педагогтардың 100%-ы жаңа әдістерді меңгереді
2 Инновациялық технологиялар	«Кванториум» зертхана бұрыштарын жабдықтау	2025–2030	Меңгеруші, шаруашылық меңгеруші	Инновациялық орта қалыптасады
3 Оқу-тәрбие сапасы	Зерттеу жобалары мен интерактивті сабақтар ұйымдастыру	2025–2030	Тәрбиешілер, әдіскер	Балалардың шығармашылық қабілеті артады
4 Материалдық база	Интерактивті тақталар, оқу құралдарын жаңарту	2026–2030	Меңгеруші	Оқыту процесі жаңартылады
5 Денсаулық және қауіпсіздік	Спорттық жабдықтар сатып алу, санитарлық талаптарды сақтау	2025–2030	Психолог, шаруашылық меңгеруші	Қауіпсіз орта қалыптасады
6 Ата-аналармен жұмыс	Ашық есік күндері, «Кванториум клубы» жобасы	Тұрақты	Әдіскер	Ынтымақтастық нығаяды
7 Қоғаммен байланыс	БАҚ арқылы имидж қалыптастыру, әлеуметтік желі белсенділігі	2027–2030	Меңгеруші	Балабақша беделі артады

Сканировано с CamScanner

1.Кадрлық әлеуетті дамыту

№	Іс -шара	Мерзімі	Жауапты
1	«Заманауи тәрбиеші: кәсіби құзыреттілік пен шеберлік»семинар тренинг	2025	әдіскер
2	«Педагогтың эмоционалдық жану синдромының алдын алу» семинар тренинг	2026	психолог
3	Тәжірибе алмасу (Шеберлік сыныптары): «Ойын арқылы оқыту: үздік тәжірибелер	Жылына 1 рет	Тәрбиешілер
4	«Жас мамандар мектебі: теориядан практикаға»	2025-2028	әдіскер
5	«Шығармашыл педагог» авторлық бағдарламалар көрмесі	2027-2028	Шығармашылық топ
6	«Жылдың үздік тәрбиешісі» кәсіби байқауы	Жыл сайын	Шығармашылық топ

2.Инновациялық технологияларды енгізу

№	Іс -шара	мерзімі	Жауапты
	«Кванториум әлемі: балабақшадағы алғашқы ғылыми қадамдар» зертханалық жұмыс	**2025-2026**	**Шығармашылық топ**
	«Lego-конструирлеу арқылы балалардың кеңістікті ойлауын дамыту» практикалық жұмыс	**2026-2027,2028**	**Тәрбиешілер**
	«Bee-Bot (Ақылды ара) роботтарымен бағдарламалау негіздері» цифрлық сауаттылық сабақ	**2026,2027,2028**	**Әдіскер**
	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жобалар» цифрлық сауаттылық сабақ	**Жыл бой**	**Тәрбиешілер**

3. Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру

№	Іс -шара	мерзімі	Жауапты
1	«Мен зерттеушімін» балалар жобаларының фестивалі	**Жыл сайын**	**Шығармашылық топ**

Сканировано с CamScanner

2	«Табиғат ғажайыптары: экологиялық тәрбие негіздері» жоба	**2025-2027**	**Шығармашылық топ**
3	«Ойнаймыз, ойлаймыз, дамимыз» (интерактивті ойын сабағы)	**Жыл бойы**	**Тәрбиешілер**
4	«Ертегілер әлемінде» (балалардың тілін және сөйлеу мәдениетін дамыту)	**Жыл бойы**	**Тәрбиешілер**

4.Материалдық-техникалық базаны нығайту

№	Іс -шара	мерзімі	Жауапты
	«Топтардың заманауи талаптарға сай жабдықталуын хаттамалау	Жыл бойы	меңгеруші
	Оқу-әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды жаңарту	Жыл бойы	Меңгеруші
	Интерактивті тақталар, оқу құралдарын жаңарту	2025-2028 жж	Меңгеруші
	«Кванториум» зертхана бұрыштарын , кабинетін жабдықтау	2025-2027 жж	Меңгеруші

5.Денсаулық сақтау және қауіпсіздік ортасы

№	Іс -шара	мерзімі	Жауапты
	«Дені сау бала — ұлт болашағы» спорттық эстафетасы	жыл сайын	Әдіскер
	«Тазалық — денсаулық кепілі» санитарлық-ағарту жұмыстары	Жыл сайын	Медбике,әдіскер
	«Сенсорлық бөлме: баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру	2027 жылы	Меңгеруші

6. Ата-аналармен серіктестікті дамыту

№	Іс -шара	мерзімі	Жауапты
	«Кванториум клубы: әкем, анам және мен» (STEM-жарыстар)	Жыл сайын	Шығармашылық топ
	«Саналы ата-ана» коучинг-орталығының отырыстары	Жыл сайын	Шығармашылық топ
	«Балабақша есігі ата-анаға ашық» (Ашық есік күндері)	Жыл сайын	Меңгеруші

Сканировано с CamScanner

7.Қоғаммен байланыс және имидждік саясат

№	Іс -шара	мерзімі	Жауапты
	«Желідегі біздің тыныс-тіршілік» (Instagram және TikTok парақшаларын жүргізу	Жыл бойы	Шығармашылық топ
	«Балабақша жетістіктері — БАҚ беттерінде» (мақалалар сериясы)	Жыл бойы	Шығармашылық топ
	«Тәжірибе алаңы: қалалық, облыстық семинарлар өткізу»	2027-2030 жж	Шығармашылық топ

МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

- Әр оқу жылы соңында даму жоспарының орындалуы туралы ішкі талдау есебі жасалады;
- Педагогикалық кеңесте жылдық нәтижелер қаралып, талдау жүргізіледі;
- Педагогтар мен ата-аналар арасында сауалнама арқылы кері байланыс алынады;
- Қажет болған жағдайда жоспарға түзетулер енгізіледі.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР (2030 жылға қарай)

Инновациялық бағыттағы үздік балабақша мәртебесіне ие болады.
Барлық педагог Кванториум әдістерін меңгереді.
Балалар шығармашылық тұрғыдан ойлай алады, зерттеу қабілеті дамиды.
Балабақша ата-аналар мен қоғам тарапынан сенімді серіктеске айналады.
Материалдық-техникалық база толық жаңарып, заманауи қауіпсіз орта құрылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл стратегиялық даму жоспары №32 «Қуаныш» балабақшасының келешек бағыттарын айқындайды.

Кванториумдық бағыттағы инновациялық білім беру ортасын құру арқылы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Жоспардың табысты орындалуы ұжымның бірлескен еңбегіне және педагогикалық шығармашылыққа негізделеді.

Сканировано с CamScanner

БЕТТЕ ТІГІЛДІ, НӨМІРЛЕНДІ

ЖӘНЕ МӨР БАСЫЛДЫ

№32 «Куаныш» балабақша меңгерушісі _____ Р.А.Лекерова



Сканировано с CamScanner